

БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!



# Лениншіл Жжас

Газет 1921 жылғы  
22 марттан  
бастап шығады

ҚАЗАҚСТАН ЛКСМ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ОРГАНЫ

№ 90 (11627).

СЕЙСЕНБІ, 5 МАЙ 1987 ЖЫЛ.

Бағасы 3 тиын.

**Б**ҮГІН — баспасөз мерекесі, лениндік «Правданың» туған күні. Ұлы көсеміміз Владимир Ильич Ленин негізін қалаған «Правдаға» — 75 жыл. Демек, сөз сардарлары да төл мейрамдарын биыл осынша рет атап өтуде. Советтік баспасөздің көш бастаушысы саналар «Правданы» қазір планетамыздың барлық түкпірі оқиды. Дәл бүгін өз оқырманымен 25112 мәрте дидарласып отырған газеттің бір жолғы тиражы 11,2 миллион дана. Осынау цифрлардың өзі-ақ көп жайдан сыр шерте керек.

«Правда» — бейнелеп айтсақ, ұшқыннан («Искра») ұшқан шындық! Заман тынысының, дәуір шындығының жарқылдаған жаршысы. Көкейдегіні түйіндеп жеткізсек, бұл: большевиктердің жарқын өмір, жеңімпаз күрес, ортақ мақсат-мұраттары туралы шындығы; еңсесі езілген қалың елдің көкірек-санасын оятып, көңіліне нұрлы шуақ шашқан, күреске көтеріп, революция ұранын үндеген шындық; жаңа өмірдің бақытты болашағы, жаңа адам, жаңа қоғам жайындағы шындығы...

Ал «Правданың» белсенді авторларының алғы сапында Ильичтің өзі болғаны баршаға мәлім. Газет үшін бұдан артық мәртебе жоқ-ау, сірә! «Правданың» бетінде тек революцияға дейін ғана Ильичтің 280-нен астам түрлі мақаласы жарық көрген. 1917 жылы 5 апрельде ол редколлегия құрамына еніп, газет жұмысына тікелей басшылық жасауға кіріседі.

...Ойды ой қозғамақ. Жүрекке әрдайым қуаныш ұялатып, жан толқытар күн көсем өміріне қатысты қас-қағымдық сәттерді алғашқы болып фототілшілер М. С. Напельбаум мен П. А. Оцуп объективке іліктірген-ді. Жер шарын шарлап кеткен мәңгі өшпес сол фотолардың бірінде В. И. Лениннің «Правда» газетін оқып отырған кезі бейнеленген. Баршаға жақсы таныс бұл суретті 1918 жылдың 16 октябрінде Владимир Ильич Кремльдегі кабинетінде газеттің жаңа санымен танысып отырған сәтінде түсіргенін П. Оцуп өз естелігінде тебірене жазады. Біз бұдан Ильичтің жұмыс күні баспахана иісі аңқыған газеттің әр номерін парактаудан басталғанын аңғарамыз. Жас Совет өкіметінің қаршты қадамын сөз сайын назарда ұстап, еліміз өмірінің тіршілік-тынысын жіті бағдарлап, еңсе көтерген адамдардың жүрек лүпілін жан дүниесімен сезінуге деген құштарлығын анық көргендейміз.

Иә, Ленин бүгін де бізбен бірге. Баспасөз күніне орай газеттердің дені тілге тиек еткен көсем бейнесін көрнекті етіп жариялауды тамаша дәстүрге айналдырған. Қаламгерлер мерекесі үстінде қазір Совет Одағында сегіз жарым мың газеттің шығатынын, оларда жүз мың журналистің еңбек ететінін айтқан артық емес. Сондай-ақ сан ал-

уан мамандық иелерінің басын біріктірген алты миллиондай штаттан тыс тілшілер газет тірегіне айналып отыр. Олардың арасында ондаған мың қазақстандықтардың болуы мерей өсіреді. Мұның өзі, баспасөзді — дәуір тілі, миллиондар мінбесі, деп аса жоғары бағалаған Ильич өсиеттері мен идеяларының іс жүзінде асқан өркендері, арайлап атқан Октябрінің жемістері ретінде қуана ауызға алар едік.

Баспасөзге қай кезде де биік міндет, зор талап, маңызды іс, тың проблема, үлкен жауапкершілік жүктелген. Сөйтсе-дағы қазіргі тыныс мүлдем бөлекше. Тура осыдан екі жыл бұрын ескен сәуір самалы бүкіл еліміз өмірінде соны серпілістер тудырып, жаңару нышандарын жеткізді.

Социалистік қоғамымыздың жасампаздық сипатын бұрынғыдан да айшықтай түскен жеделдету жолдары бет-

# ДӘУІР ТІЛІ

## • Публицистика

бұрыс баспалдақтарына бастап қана қоймай, қайта құрудың жаңа шебіне шығарды. Мамыражай мамырда бұр жарып, шешек атқан жасыл желектей жайқалған өршіл өзгерістер өмірімізді де, өзімізді де түлетуде. Екпіншімізге екпін, қарқынымызға қарқын қосты. Күйбең тіршіліктің тасасында елеусіз қалып келген еңбеккердің сом бейнесін ерекше тұлғаландыра көрсетті. «Адам факторы» деген сөз журналистер қауымының лексиконынан берік орын алды. Ең бастысы, қаламгерлер кешегі данғазалықты, бетінен қалқып жазуды ысырып тастап, жаңаша ойлауға, жаңаша жазуға ұмтылыс жасауда. Бұл — қайта құрудың қазіргі зор талабы.

Алайда, журналистеріміздің әлі де марғау қимылдап, ұшқыр уақыттың самғауына ілесе алмай, партиямыз бен үкіметіміз көрсетіп берген асқаралы да маңызды істер мүддесінен үнемі табыла бермейтінін жасырмаған жөн. Өміріміздің барлық қырларын қайта құрудың революциялық процесінде партияға белсенді түрде көмектесу — қалам иелерінің мәртебелі міндеті ғана емес, қастерлі борышы. Осы орайда қайта құрудың жанды тәжірибесін жан-жақты ашып көрсету, жаңаның өркенді

өрістерін тауып қана қоймай, сол игілікті ілгерілеу нышандарын кеңінен насихаттап жазу — баршамыздың ортақ мақсатымыз. Нысаналы да, ұдайы ұштастырыла жүргізер өзекті жұмыстың арқауы — жақсы мен жаңалық жаршысы болумен бірге көлеңкелі кемшіліктердің, кері тартар олқылықтардың бет-пердесін ашып, жұртшылыққа жария ету. Ал жазған дүниеміздің дйттеген жеріне дөп тиіп, оқырманның ойынан орнықты орын алуы қалам қуатын байқатады. Сын материалдардың неғұрлым әділ, принципті болуы — негізгі шарт.

Қаламының желі бар шебер журналист тақырыпты сал желіп, шарқ ұрып іздемейтіні аян. Үлкен өмірдің ортасынан ойып алады да толғана тербеп жазады. Журналистік алғырлық, журналистік оперативтілік, журналистік қырағылық секілді қасиеттер қашанда өзара құп қосылып жатуы ләзім. Ойлаған ойды жүзеге асырып, таңдаған тақырыпты еркін игеріп, әр қырынан ашып көрсетуде септігін тигізер бірден бір сарқылмас күш — журналистік білімділік. Репортаждан бастап проблемалық-сын мақалаға дейін байыпты бағдарлауды, терең талдау-зерттеуді қажет ететіндігі әрдайым есімізде тұрғаны дұрыс. Иенің жасуындай болар-болмас ауытқушылық, кішігірім деректің орынсыз бұрмалануы неше тәулік түн қатып, кірпік ілмей жазған жақсы материалына ақау болып табылатынын есте ұмытпау керек. Бұл пікірді кей ретте фактінің жетегіне еріп, әсіреқызыл әуестікке ұрынар, өмірден түйген тәжірибесі жеткіліксіз жас журналистерге ескертер ақыл-көңес деп ойлаймыз.

Әрбір журналистің бойында жақсы қасиеттерді тәрбиелеу жөнінде СССР журналистерінің VI және Қазақстан журналистерінің VII съездерінде айрықша мән берілді. Журналистер жазар тақырып сан тарау, сан-салалы. Оның ішінде экономикаға, әлеуметтік және рухани өмірге айрықша назар бөліп, ұдайы көңіл айнасынан шығармауымыз тиіс. Халықтың, ең алдымен жастардың идеялық-саяси, таптық сана-сезімін қалыптастыруға қатысты салада да қалам еңбеккерлеріне жүктелер жұмыс қырау. Интернационалдык, достық тақырыбы өз шеңберін бұрынғыдан да кеңейте түсуді талап етеді.

Бүгінгі таңда комсомолеттер мен жастардың араласпайтын еңбек түрі жоқ. Бұл жөнінде таяуда ғана Отанымыздың астанасы Москвада болып өткен Ленин комсомолының XX съезінде КПСС Орталық Комитетінің Вас секретары М. С. Горбачев жолдас ерекше айтты: «Ұлы державаның алып экономикалық потенциалы, туған жердің бірегей байлығы мен сұлулығы, орасан зор ғылыми жетістіктері, біздің мәдениетіміз бен идеологиямыздың гуманистік игіліктері мен дәстүрлері — сіздердің қолдарыңызда. Октябрь ісін жалғастыратын, планетада бейбітшілікті қорғайтын — сіздер».

Иә, жастық қолтаңбасының панорамасы аса ауқымды. Кешегі ізашарлар мен бүгінгі ізбасарлар арасындағы алтын көпір жаңа ғасырдың баспалдағы іспеттес. Түркісіб темір жолы, Қазақстан тыңы, Тюмень мұнай ошағы, Екібастұз энергия орталығы, БАМ ғасыр магистралы... осылайша алау жүректер із қалдырған екпінді құрылыстар тізбектеле бермек. Ендеше журналистер үшін жазар тақырып өте мол. Солардың ең бастысы — бүгінгі қайта құрудың жас гвардияшылары болмақ.

**Жанат ЕЛШІБЕКОВ —**  
«Социалистік Қазақстан» газетінің бөлім меңгерушісі, СССР Журналистер одағының мүшесі, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, «Жалын» бәйгесінің жүлдегері.

